


Үй тапсырмасы

8. Берілген сөйлемнен бірнеше сабақтас құрмалас сөйлем жасап жаз.

1. Қонақтар келеді, ет беріледі.
 2. Оқушылар кірді, сабақ басталды.
 3. Мектепке бардым, үйірмеге қатыстым.
 4. Анама көмектестім, жұмысты бітірді.
- 

Өткен сабақты қайталау

- 1. Қазақстан жер көлемі бойынша нешінші орында?**
- 2. Қазақстанның астанасын ата?**
- 3. Сабақтас құрмаласқа мысал ретінде үш сөйлем айт.**
- 4. Сабақтас құрмалас сөйлем күнделікті өмірде жиі қолданылама?**

ҚАЗАҚСТАН ТУЫМ ЕН ТҰҒЫРЛЫ,

ЕЛТАҢБАСЫМЕН ЕҢСЕЛІ.

ӘНҰРАНЫМЕН АЙБАТТЫ.



Жаңа сабақ

Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем — бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің болу-болмауының себебін білдіріп, басыңқы компоненті сол себептен туған нәтижені, салдарды білдіретін сабақтас сөйлем.


Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің жасалу жолдары:

1.Есімше арқылы:

•а) Шығыс септігіндегі **-ған** тұлғалы есімше арқылы: *Үлес үстінде әлі ойын ашпаған Абай болғандықтан, Тәкежан енді буның өзінен ішіндегі ниетін сұрады* ә) есімшелік тұлғаларға **-соң** шылауының тіркесуі арқылы: *Шұға шын ауруға айналған соң, Есімбек жұмсайын деді (Б. Майлин).*

1.Көсемше арқылы: *Сол кезде бұтақ сынып кетіп, Асылып құзға Қайсар тұра қалды. Араларына түсетін арашашы болмай, екеуі де әбден титықтап шаршады*

Құрмалас сөйлемдерді себеп бағыныңқы сабақтасқа айналдырып жазып, жасалу жолын айтыңдар.

1. Өзен жағасы аздаған жарлау еді, ересек бала ақсақ баланы суға дейін көтеріп әкелді.
 2. Сабақ ерте біткен соң, балалар ойын ойнауға жиналды - себеп бағыныңқы сабақтас
 3. Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр көп жауды - себеп-салдар салалас
 4. Мен ол күні келмедім, себебі көлік жоқ еді - себеп-салдар салалас
 5. Әлияның жүрегі тулап кетті, себебі келген адамды ол бірден таныды - себеп-салдар салалас
- 

Рәміздер



Бейнематериал (28)





Ty



Елтаңба

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны!

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой.

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!
Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы-
тікбұрышты көгілдір мата. Тудың ортасында, көгілдір түс
аясында бейбітшілік рәмізі- шұғылалы күн
бейнеленген. Күннің төменгі жағында бостандықтың рәмізі-
қыран бейнеленген. Тудың біркелкі көгілдір түсі
бейбітшіліктің, тыныштық пен жарқын болашақтың
белгісі. Көгілдір түс ашық аспанды бейнелейді. Тудың сол
жағында дәстүрлі ұлттық өрнек бар. Шұғылалы күн, қыран
күс бейнесі, өрнек алтын түсті бояумен берілген. Тудың ені-
1 метр, ұзындығы-2 метр. Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Туының авторы- суретші Шәкен Ниязбеков.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ

«Таңбасыз ел болмайды, найзасыз ер болмайды» дейді қазақ халқы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының ортасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап, уықтар шаншылған. Оны киелі пырақтардың қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның жоғарғы жағында жұлдыз орналасқан, ал төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Елтаңбаның реңдік бейнесі- алтын және көгілдір түсті. Елтаңбаның авторлары Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Мына сөйлемдерді толықтыр.

1. Үйде азық-түлік біткен соң, 2. Күні бойы далада көп жүргендіктен, ... 3. Арман озат оқушы болған соң, 4. Өзін-өзі тежей алмай, 5. Жұмыс бітпегендіктен, 6. Жомарт емтиханға әзірленбеген соң, ... 7. Кеш болып қалғандықтан, 8. Уақыты аз болған соң,

2. ..., балалар далада ойнады. 2. ..., университетте оқи алмады.
3. ..., інісіне сәлемдеме жіберді. 4. ..., басым ауырды. 5. ..., біз Сізді көрмедік. 6. ..., жеміс- жидек алдық. 7. ..., біз қуандық.
8. ..., ерте тұрамыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Мемлекеттік Әнұран-елдіктің белгісі, егемендік пен еркіндіктің ресми рәмізі. Ол, әдетте, халықтың рухын көтеріп, Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне бөлейді. Қазақстан Республикасының жаңа әнұраны осындай қасиетті туынды. Ол 2006 жылдың 6 қаңтарында Парламент мәжілісі мен Сенатының бірлескен отырысында қабылданды. Музыкалық-поэтикалық рәміз 11 қаңтарда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты кезекті сайлаудан кейін, Қазақстан Республикасы Президенті қызметіне кірісу құрметіне арналған салтанатты рәсім үстінде тұңғыш рет орындалды. Әнұранның сазын, әуенін, яғни музыкасын жазған – «қазақ вальсінің королі» атанған атақты қазақ композиторы Шәмші Қалдаяқов. Ал сөзін жазған- көрнекті ақын Жүмекен Нәжімеденов және оны бүгінгі тәуелсіздік кезеңге лайықтап өндеген Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

Тест «Ашық сұрақтар» әдісі

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қашан қабылданды?

А) 1991 жылы 4 шілдеде Ә) 1992 жылы 4 маусымда Б) 1990 жылы 10 қазанда

2) Елтаңбаның авторлары?

А) Шәмші Қалдаяқов, Жандарбек Мәлібеков Ә) Шәкен Ниязбеков, Шотаман Уәлиханов

Б) Жандарбек Мәлібеков, Шотаман Уәлиханов

3) Тудың авторы?

А) Шотаман Уәлиханов Ә) Шәкен Ниязбеков Б) Жандарбек Мәлібеков

4) Елтаңбаның негізіне алынған

А) Шаңырақ Ә) Тұлпар Б) Бес бұрышты жұлдыз

5) Мемлекеттік тудың түсі қандай?

А) Көк түсті Ә) Көгілдір түсті Б) Сары түсті

6) Тудың ортасында не бейнеленген?

А) Ою өрнек, арайлы күн Ә) Арайлы күн, қыран Б) Алтын түсті ою өрнек

7) Мемлекеттік әнұранның жаңа нұсқасы қай жылы қабылданды?

А) 2006 жыл Ә) 1992 Б) 2007

8) Әнұранның авторлары кімдер?

А) Шәмші Қалдаяқов, Нұрсұлтан Назарбаев, Жүмекен Нәжімеденов

Ә) Жандарбек Мәлібеков, Шотаман Уәлиханов, Шәмші Қалдаяқов

Б) Нұрсұлтан Назарбаев, Жандарбек Мәлібеков, Шотаман Уәлиханов

ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ:

1. Ә

2. Б

3. Ә

4. А

5. Ә

6. Ә

7. А

8. А

«ҚЫТАЙША ДЕСЕРТ» ӘДІСІ

1) Мемлекеттік рәміздерге не жатады?	Әнұран, елтаңба, ту
2) Қанатты пырақтар қай рәмізде бейнеленген?	Елтаңба
3) Жаңа мемлекеттік әнұран алғаш рет қашан орындалды?	11- қаңтарда 2009 жылы

1) Елтаңбаның төменгі жағында қандай жазу бар?

«Қазақстан»

2) Күн, арай, қыран және ою - өрнек қандай түсті?

Алтын түсті

3) Әнұранның әнін кім жазды?

Шәмші Қалдаяқов

1) Тудың өлшемі қандай?	Ені-1 метр, ұзындығы-2 метр
2) Жаңа мемлекеттік әнұран қай әннің негізінде жазылды?	«Менің Қазақстаным» әнінің негізінде жазылған
3) Елтаңбаның жоғарғы жағында не бар?	Бесбұрышты жұлдыз
4) Шаңырақтың айналасында не бар?	Уықтар

Сабақты бекіту

1. Қазақстанның рәміздерін ата?
2. Елтаңбаның жоғары жағында не бар?
3. Әнұранның әнін кім жазды?
4. Себеп-салдар салаласты себеп бағыныңқылы жасалу жолдарын ата.

Үйге тапсырма

Себеп-салдар салаласты себеп бағыныңқылы сабақтасқа айналдырып жазыңдар.

Ой-ұғымы, сезім-түйсігі ұқсас, жаны жалғас адамдар ғана бір-бірімен тату дос бола алады, өйткені ондай адамдар бір-бірінің жай-күйін жақсы ұғысады. Өтірік айтудан сақтаныңдар, себебі өтірікшілер - имансыздар. Тіпті пайдасын көріп тұрсаңыздар да, өтіріктен сақтаныңыздар, себебі түбінде өтірікшінің күні қараң. Әділеттілік - Алланың жердегі терезесі, әділетті адамды сол терезе бейішке бастап апарады. Білім алу жолындағы табандылықтан артық іс жоқ, себебі ілім кісіні ізет пен абыройға жеткізетін құрал болып табылады. Жомарт кісінің қателіктерін кешіріңдер, себебі Алла тағала, ол сүрінген сайын, қолынан ұстап, құлатпайды.

HAZARLAR YIŇYIZFA RAHMET!